

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

нысандарын жобалау ісінде түстерді орынды да ұтымды қолдану арқылы көпшіліктің көңілінен шығатын көркем туындылар жасауының кепілі болмақ.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Бегімбай К.М.Тұстану. Оқу құралы. – Астана, ЕҰУ. 2012. – 92 б.
2. Зайцев А.С. Наука о цвете и живопись. – М.: Искусство, 2006. – 158 с.
3. Волков Н.Н. Психология искусства. – М.: Просвещение, 2001. – 206 с.

ӘОЖ 747.012

МИНИМАЛИЗМ СТИЛІНДЕГІ АС ҮЙ ИНТЕРЬЕРІНІҢ ДИЗАЙН КОНЦЕПЦИЯСЫН ЖОБАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Құлжанова Назерке Қарасайқызы

kulzhanova_nk@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 4 курс
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – өнертану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы З.Б. Бозтай

Қазіргі таңда, асүй - жаңа технология мен материалдарды сынап көретін дизайндағы басты зертхана болып табылады. Асүйдің стандартқа бағынып-бағынбауы немесе тұлғасыз әлдебір сәнге енуі әлі бегісіз. Ең маңыздысы - басқада. Жүзжылдық күресте ол өзінің қабілетін жоғалтқан емес. Ас үй құлдығы енді жоқ деп сеніммен айтуға болады және де бұған дизайнның қосқан үлесі зор. Қазіргі заманғы ас үй - бұл максималды жайлылық, жетілдірілген форма мен жоғары деңгейдегі технология. Барлығы да эргономикаға бағынған. Асүйдің дизайнына тек қана сыртқы көрінісі ғана емес, сонымен қатар жиһаздардың, жабдықтардың (плита, тоңазытқыш, шкафтар, бақалшақ, орнатылған техника) және аксессуарлардың қолайлы түрде орналасуы жатады. Бүгінгі күнде асүй бағынышты орын болып саналады. Ас әзірлеу күнделікті әрі барлығына қолжетімді өнерге айналып бара жатыр. Асүй - уақыттың көп бөлігін алатын үйдегі маңызды орындардың бірі, сондықтан асүйде барлығы ыңғайлы әрі рационалды түрде болуы керек [1].

Ас үй интерьері барлық тұрғын үй орнының біртұтастығын қабылдауында басты рөл атқарады. Дәл осы жерде, тұрғын үй талғамын қанағаттандыратын, жоғары деңгейдегі жылылық пен ыңғайлы жабдықтар талап етіледі. Бүгінгі таңда, нарықта, асүйдің әралуан әрі таңдаулы дизайнерлік шешімі бар түрлері көрсетілген. Дегенмен, оның тура бағыттылығын ұмытпаған жөн. Жайлылық, сенімділік әрі қарапайымдылықтың үйлесімділігін пайдалану, көптеген адамдардың асүй жиһазына деген қызығушылығын арттырады. Мұндай құндылықты кез-келген үй иесі бағалайтыны сөзсіз.

Минимализм стиліндегі ас бөлмесінің дизайндық тұжырымдамадағы басты мақсаты - композициялық түстік шешім мен өнердің қайнар көзі. Алға қойылған мақсатқа жету барысында, берілген жұмыс мына кезеңдермен орындалды: асүй жиһазын кешенді жобалау кезінде заманауи әлемдік және отандық тәжірибелер талданды, зерттелді және сол тәжірибемен жинақталды; өнімнің түптамасы анықталып, стильдің өзіндік ерекшелігі анықталды.

Асүй жиһазын зерттеу барысында, асүй интерьерін дайындауға екі негізгі стильдің қолданылатыны анықталды. Бұл - дәстүрлі (классикалық) және заманауи (модерн) стилі. Интерьерді дәстүрлі, яғни классикалық стильде әрлеу үшін, оның эргономикасы мен функционалдылығына аса мән берген дұрыс. Барлық құралдар өзінің жоғары тәжірибелігімен және төзімділігімен ерекшеленуі керек.

Асүй интерьерін жобалау барысындағы дизайн тұжырымдамасына минимализм стилі лайықты.

Минимализм (ағылш. Minimalism, лат. тілінен Minimus – ең аз) - композицияда қарапайымдылықты, нақтылық пен айқындылықты қысқаша түрде сипаттап беретін дизайндағы стиль. Жобалау барысында, минимализм стилінде, геометриялық формадағы табиғи және өнеркәсіптік материалдар қолданылады. Ол классикалық өнер мен дәстүрлі көркемөнер материалынан бас тартты. Минимализмнің қайнар көзі конструктивизм мен функционализмде жатыр. Қазіргі минимализм стиліндегі интерьерді кеңістіктің модельдеуі ретінде сипаттауға болады және бұл жерде жарық қажетті бұйымдарға ғана пайдаланылады. Мұндай интерьерді жасау барысындағы ең маңыздысы - кеңістіктің жақсы жағдайда жобалануы. Бұл жерде қабырға мен төбеге жанып тұратындай шашыраңқы әрі жайлы жарық қолдану керек және ауаның көп болғаны дұрыс. Кеңдік пен жайлылықты сезіну үшін, бөлмені арақабырғадан босатқан дұрыс. Кең жерді жарыққа толтыру үшін, үлкен терезелер қажет.

Минимализм - ХХІ ғасырдағы ең жарқын әрі бәсекелес стильдердің бірі. Минимализм стиліндегі интерьерді жасау үшін мына қағидаларды есте сақтау қажет:

1. кеңістіктің бос болуы (аз мөлшердегі жиһаздар және бұйымдар, жоғары дәрежедегі жарық);
2. қарапайым форма мен сызықтар, терезе мен қабырғаларда декордың болмауы;
3. геометриялық фигура: шеңбер, төртбұрыш, тіпті жеңіл түрде иілген фигураны да қолдануға болады, бірақ аса шиыршықталғаны қажет емес.

Минимализм стилі сәулет өнерінде, көркемөнерде, мүсінде, музыкада әрі электронды техникада кең өріс алды. Минимализм стиліндегі басты нәрсе - кеңістікті модельдеу және жарықты тек қажет нәрсеге ғана қолдану. Бұйым аз болса да, олардың әрқайсысы интерьердің композициялық шешіміне сай болуы керек. Түстік шешімде, әдетте, бір-екі түс қолданылады. Оның ең бастысы ақ түс болып саналады. Ақ түс бұйымдардың айқындылығын жақсы көрсетіп тұрады. Ереже бойынша әшекейленген декорларға орын жоқ. Оның орнын минимализмнің басты қасиеті болып саналатын функционалдылық алмастырады. Осының арқасында минималистік интерьерде тұру өте қолайлы [2].

Минимализм стилінің ерекшелігі. Минимализм стилі заманауи интерьердің арасындағы ең танымал стиль болып саналады. Басты акцент материалға, фактураға және интерьер бұйымдарының формасына жасалады. Көп мөлшерде стиль сыртқы бетінің тегістілігімен ерекшеленеді. Бұл жерде материал мен жарықтың фактурасы айқын көрсетілген. Бұйымдар ешқандай оюсыз, безендірілген, қарапайым формаға ие. Олар салыстырмалы түске, пропорцияға және интерьер бұйымдарының формасына мұқиятты түрде мән береді. Минимализм стиліндегі корпусы жиһаз алдыңғы жағының тегістілігімен ерекшеленеді. Минимализм стиліндегі жиһаздарға тот баспайтын болаттар ұсынылады. Көбінесе шкафтарға графиттен жасалған немесе қола түсті айналар қолданылады. Дара фурнитураның формасы қарапайым геометриялық формаға негізделген болуы керек. Жұмыс үстелінің беті тот баспайтын немесе жылтыратылған ағаштан, болмаса пластиктен жасалу керек. Сонымен қатар, минимализм стиліндегі интерьерде жасанды тастан жасалған үстелдер ұсынылады. Бұл стильде күндізгі жарық көзі табиғи болу қажет. Сондықтан ол үлкен терезелердің болуын меңзейді. Перделердің болуы орынсыз, сол үшін оларды тігінен немесе көк жиекпен орналасқан жеңіл пердешелер орнын алмастыра алады. Электрлік көмескі жарықтар негізінен жылтыратылған металдан жасалады, ал плафондары қарапайым геометриялық формада болады. Тіпті бір түсте боялған, әрі экраны таза мақтадан жасалған шырақтарды да қолдануға болады. Онымен қоса, төбеде жасырын орналасатын, неонды және галогенді шырақтарды қолдану қолайлы болып есептеледі. Минимализм стиліндегі интерьерде, қабырға бір түстік шешімде болғанын жөн көреді. Кеңістіктегі түстер екі-үшеуден аспағаны және бір-біріне жақын түстер болғаны дұрыс. Оның екінші нұсқасы бар - бұл екі контрасты түстер. Қабырғаны әрлеу үшін бір түстегі тұсқағаз болғаны жөн. Бетіндегі суреттердің анық шығып тұрғаны минимализм стиліне сай емес, сондықтан беті бірқалыпты, бедерлі болуы керек. Сондай-ақ қабырғаға бояудың астындағы тұсқағаздар, яғни фактурлы сылақтар ұсынылады. Табиғи және жасанды материалдан жасалған қабырға панельдері

минимализм стиліндегі интерьерді одан әрі қызықтыра түседі. Оған мысал ретінде тот баспайтын болатты, жылтыратылған және фактурлы ағашты, жасанды немесе табиғи тастарды айтуға болады.

Дизайн жобасында техникалық эстетиканың барлық талаптары анықталды. Дизайн тұжырымдамасының ең негізгі идеясы болатын шығармашылық қайнар көзі табылды. Шығармашылық қайнар көзі - "Орхидея" гүлі. "Орхидея" гүлін қабырғаға декор ретінде қолдануға болады. Ежелгі заманнан бері адамдар тұрғын үйлерін гүлдермен әрлеуге ұмтылып келген. Әрлеуге сауыт, қыш құмыраларды қолданған немесе өздері сурет салып, жасанды гүлдермен де әсемдеген. Сондықтан да гүлдер бейнеленген винилді тұсқағаздар интерьерге сән беріп, таңқаларлық әсер қалдырады. Осы декорлы, гүлденген винилді жапсырмалар интерьердің сәніне айналған.

Келесі дизайн-жобасын құрайтын - түстік шешім. Ас үйге дұрыс таңдалған түстік шешім (гамма) - адамның босаңсып немесе энергияны одан әрі күшейтуге көмектеседі. Дәл осы тұжырымдамаға орай интерьерге сай келетін күлгін түс болып отыр. Күлгін түс және оның түрлері - ең жұмбақ әрі спектрдегі қиын түс.

Ол қызыл түстегі құштарлық пен қайсарлықты, сонымен қоса көк түстегі тыныштық пен тереңдікті біріктірген түс болып саналады. Күлгін түс хроматикалық түстердің арасындағы ең қою түс. Ал оның ашық реңдері өз "туысынан" алшақ болуы мүмкін. Қою күлгін мен ашық күлгін түс жұптасқан кезде, бірігіп контрасты үйлесімділік сыйлайды. Физикалық қасиеті жағынан күлгін түс, көрінетін спектрдегі ең жоғарғы толқынға ие. Сондықтан болар, дәруіштер мен эзотериктер күлгін түсті жоғары рухани жарықтандырудың символы деп есептейді. Күлгін түстің тек қана ақ түспен байланысуы сәнділік пен әдемілікті көрсетеді. Күлгіннің ақпен үйлесуі барлық картинаны контрасты әрі сымбатты етеді. Егер интерьерде тек қана екі түс негізделсе (күлгін және ақ), онда аксессуарлар түспе-түс сай келмеуі керек, керісінше бір-бірінен ажыратылуы қажет. Ақ пен күлгін түс қосылған интерьерді құрмас бұрын, күлгін түстің мінездемесіне мән беру керек. Яғни қандай интерьерлік палитра сай келетінін қарау қажет. Егер заманауи стильде болса, онда көзге түсерлік күлгін түс болғаны жөн - қанық әрі жарқын. Қанық күлгін мен ақ түстің байланысуы көбінесе поп-арт және фьюжн стилінде қолданылады. Жалпы күлгін түстің табиғи түстермен, материалдармен үйлесуі өте шынайы болып көрінеді. Алайда ол сирек қолданылады. Мифке сүйенсек, күлгін - жайсыз түс болып табылады. Егер де интерьер - жайлы әрі шын көңілмен орындалса, көлемді күлгін акценттер де оны жайлылықтан ажырата алмайды. Күлгін түс өте санқырлы[3].

Суретте шығармашылықтың қайнар көзі мен түстері негізінде таңдалған, әрі дизайн тұжырымдамасы жобасына толық жауап бере алатындардың қатарына жататын графикалық жұмыстардың тізгіні көрсетілген. 1 суреттеасүй интерьерінің графикалық нобайы.



Сур. – 1. а) асүй үлгісі (оң жақ көрінісі)



Сур. – 1. ә) асүй үлгісі (жарықтандырылған)

Материалдардан іріктеу жүргізілді; асүй жиһазының конструктивті шешімі өңделді; асүй интерьерінің технологиясы бірлік ретінде ұсынылды; "Күлгін орхидея" асүй интерьерінің макеті (үлгісі) көрсетілді; бұл үлгі берілген дизайн тұжырымдамасының нақ өзі және қойылған талаптарға нақты жауап береді.



Сур. – 1. б) асүй үлгісі (сол жақ көрініс)



Сур. – 1. в) асүй үлгісі (алдыңғы көрініс)

Осы дизайн тұжырымдамасының минимализм стиліндегі асүйінде ешқандай артықшылық жоқ. Ол айқын ойластырылған дизайн. Бұл жерде геометриялық форма мен аумақ бір-бірімен үйлесімді. Минимализм стиліндегі асүй интерьері - кішігірім жұмыс орнын максималды пайдалануды жоспарлайтын адамдар үшін ең қолайлы, жайлы, сәтті шешім болып саналады. Сұр, ақ түстердің контрасты күлгін түстермен үйлесуі тиімді болып келеді. Кеңістікті кең етіп көрсету үшін, асүй жиһаздарында жылжымалы бөлшектер, ұзартылған шкафтар қолданылады. Аталмыш интерьер асүй гарнитурасының ұзындығы мен тегістігінің арқасында жинақтылығымен ерекшеленеді.

Қолданылған әдебиет

1. Рут П. Интерьерный дизайн. – М.: Эксмо, 2008. – 256 с.
2. Грей Д. Дизайн кухни. Современные интерьеры. – М.: Арт-Родник, 2005. – 192 с.
3. Иттен Иоханнес. Искусство цвета. – М.: Д.Аронов, 2004. – 96 с.

УДК 747.012 ..

РАЗВИТИЕ ТРАДИЦИОННОГО И СОВРЕМЕННОГО ОПЫТА ПРОЕКТИРОВАНИЯ ПАССИВНЫХ ДОМОВ

Маграмова Жайнагуль Кайратовна

magramovazhainagul@yandex.ru

Магистрантка Архитектурно-строительного факультета

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.К. Байдабеков

Абстракт: Статья посвящена актуальному направлению в архитектуре – проектированию пассивных домов. Проектирование пассивных домов в последние десятилетия стало одним из основных направлений развития строительной индустрии. В статье рассматривается исторический опыт применения энергосберегающих технологий, основанных на использовании естественных природных материалов, или традиционных способах отопления и т. д. Представлены традиционные технологии энергосбережения. Сделаны выводы о наиболее эффективных традиционных энергосберегающих технологиях. Рассмотрен мировой опыт проектирования пассивных домов и применяемых современных энергосберегающих технологий.